

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Жетістіктер формуласы» тақырыбында республикалық Интернет- байқауды өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Жетістіктер формуласы» тақырыбында әдістемелік идеялардың Интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін іске асыру және кәсіби шеберліктерін жетілдіру, инновациялық идеяларды және озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және насихаттау.

Міндеттері:

- білім беру үдерісіндегі педагогтердің әдістемелік және педагогикалық қызметтерінің сапасын және тиімділігін арттыру;

- инновациялық оқу бағдарламаларын белсенді енгізетін, шығармашылық тұрғыда қызмет атқарып жүрген педагогтерді анықтау және оларға қолдау көрсету, озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және насихаттау;

- балаларға қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің кәсіби-педагогикалық шеберліктерін жетілдіру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК ұйымдастырады.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті және әділ-қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2014 жылғы 5 қаңтар мен 2015 жылғы 3 сәуір** аралығында балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында сырттай өткізіледі.

6. Ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 5 сәуірге дейін info.do@list.ru электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 249312, 8(778) 9977218.

8. 2015 жылғы 5 сәуірден кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін материалдар қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды және оларға рецензиялар, қазылар алқасының қорытындылары берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

11. Байқауға қатысу үшін **5000 (бес мың)** теңге төлемақы төленеді. Төлемақы барлық банк немесе Казпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚМ.

Төлемақының мақсаты: «Жетістіктер формуласы» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы сканерден өткізіп, info.do@list.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

12. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 27 сәуірде жүргізіледі.

3. Жұмыс мазмұнына және оны ресімдеуге қойылатын талаптар

13. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Балаларға қосымша білім беру саласында білім берудің дамыту ортасын ұйымдастыру»;

2 «Балаларға қосымша білім беру саласындағы бала тұлғасын дамытуда әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»;

3) «Балаларға қосымша білім беру саласындағы электрондық білім ресурстары».

14. Байқау жұмыстары мына талаптарға сәйкес қабылданады:

: «Балаларға қосымша білім беру саласындағы дамытушы білім беру ортасын ұйымдастыру»;

«Балаларға қосымша білім беру саласындағы бала тұлғасын дамытуда әлеуметтік-педагогикалық және психология- педагогикалық сүйемелдеу» номинациялары;

әдістемелік нұсқаулар;

оқу-көрнекілік материалдары (анықтама, сөздік, тест, толық емес үлестірме дидактикалық материалдар, ақпараттық дидактикалық материалдар (кесте, схема, сызба), сұраулықтар (тапсырмалар мен сұрақтар тізімі);

балаларға қосымша білім берудегі ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеудің материалдары (бюллетень, газет, әдістемелік журнал, вестник, педагогикалық тәжірибенің сипаттамасы және т.б.), байқау материалдары А 4 форматта, қаріп – 14, жоларалығы – 1 компьютерлік терімнің негізгі ережелеріне сай болуы тиіс.

« Балаларға қосымша білім беру саласындағы электрондық білім беру ресурстары» номинациясындағы байқау материалдары (зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды өткізу бойынша оқу-әдістемелік ұсынымдар, эксперименттер мен тәжірибелерді қою бойынша, дидактикалық және дәрістік материалдар, зерттеу жұмыстары бойынша әдістемелер, тәжірибелік немесе зерттеу жұмыстарының тақырыптары) келесілерді қамтиды:

1. WEB-жобасына аңдатпа;
 2. түсіндірме жазба;
 3. оқу-тақырыптық жоспар;
 4. мазмұны (әрбір объектіні зерделеуде виртуалды немесе нақты тәжірибелік зерттеулерді орындау);
 5. қорытынды (бақылау-диагностикалық тақырыптық және қорытынды тест);
 6. әдебиеттер тізімі және қосымша ақпаратқа сілтеме.
15. Титул парағында келесі мәліметтерді көрсету қажет:

- авторы немесе құрастырушысы (Т.А.Ж. толығымен, лауазымы);
- білім беру ұйымы, аудан (қала/ауыл), облысы, e-mail;
- номинацияның аталуы;

Материалдар балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінің келесі қызмет бағыттары бойынша өткізіледі (таңдау бойынша):

- 1) ғылыми-техникалық шығармашылық, өнертапқыштық және робототехника;
- 2) экология-биологиялық;
- 3) туристік-өлкетану;
- 4) көркем-эстетикалық;
- 5) әлеуметтік-педагогикалық;
- 6) әскери-патриоттық.

16. Қатысушыларға жалпы талаптар:

балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта («В Контакте» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет;

басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады;

конкурс жеңімпаздарының үздік әдістемелік материалдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы әзірлейтін жинақтарға, әдістемелік құралдарға, әдістемелік ұсынымдарға енгізілуі мүмкін.

19. Байқауды бағалау критерийлері:

байқаудың тақырыбы, мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі;
бағдарламалық материалды әдістемелік қамтамасыз етудің толықтығы;
педагогикалық тәжірибесінің көзқарасынан ұсынылған материалдың құндылығы;

білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыратын шығармашылық сипаттағы тапсырмалардың, интерактивтік тапсырмалардың (әрбір тапсырма бойынша сипаттама) болуы;

мазмұнының өзектілігі және тәжірибелік маңызы;

мазмұнының қративтілігі мен жаңашылдығы;

авторлық идеяның түпнұсқалығы мен жаңашылдығы;

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Байқау жеңімпаздары тиісті дәрежелі дипломдармен (1, 2, 3 орындар) марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі